



«AltynEx Company» АҚ
акционерлерінің жалпы
жиналысымен бекітілді
10 тамызда 2016 жылғы №7 хаттама

«AltynEx Company» акционерлік қоғамының жарғысына өзгертулер мен толықтырулар

«AltynEx Company» акционерлік қоғамының (әрі қарай – «Қоғам») Жарғысына (әрі қарай – «Жарғы») осы өзгертулер мен толықтырулар (әрі қарай – «Өзгертулер») Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілді.

Жарғыға келесі өзгертулерді енгізу:

- 1) Жарғының 24 тармағының (с) тармақшасын өзгерту және келесі редакцияда беру:
«с) атқарушы орган – Басқарма».
- 2) Жарғының 25 тармағының (t-a) тармақшасын өзгерту және келесі редакцияда беру:
«t-a) жер қойнауын пайдалану келісім-шарттарының құнына байланыссыз, Қоғамның жер қойнауын пайдалану келісім-шарттарын меншіктен шығару/тапсыру/ауыртпалығы бойынша мәмілелерді (өзара байланысты мәмілелер тобы) Қоғамның жасауы туралы шешім қабылдау;».
- 3) Жарғының 27 тармағының (а) тармақшасын өзгерту және келесі редакцияда беру:
«а) Басқармамен;».
- 4) Жарғының 32 тармағының (h) тармақшасын өзгерту және келесі редакцияда беру:
«h) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, Басқарма Төрағасын және оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;».
- 5) Жарғының 32 тармағының (i) тармақшасын өзгерту және келесі редакцияда беру:
«i) Басқарма Төрағасының және оның мүшелерінің лауазымдық еңбекақы және сыйақы мөлшерін анықтау;».
- 6) Жарғының 32 тармағының (m) тармақшасын өзгерту және келесі редакцияда беру:
«m) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқармамен қабылданатын құжаттарды қоспағанда), соның ішінде Қоғамның аукциондарды өткізу және бағалы қағаздарға жазылу жағдайларын және тәртібін орнататын ішкі құжатты бекіту;».
- 7) Жарғының 32 тармағының (s-a) тармақшасын өзгерту және келесі редакцияда беру:
«s-a) қорытындысында Қоғаммен құны 300 000 000 (үш жүз миллион) теңгеден асатын мүлік, жұмыс, қызмет сатып алынатын, өз жауапкершілігіне алынатын немесе меншіктен шығарылатын мәмілені немесе жиынтығында өзара байланысты мәмілелерді Қоғамның жасауы туралы шешім қабылдау;».
- 8) Жарғының 32 тармағының (t) тармақшасын өзгерту және келесі редакцияда беру:
«t) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Жарғымен қарастырылған басқа мәселелер бойынша шешім қабылдау, Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда».

СМ. НА ОБОРОТЕ